



**АУЫЗ СУ  
МӘҢГІЛІК  
МӘСЕЛЕГЕ  
АЙНАЛДЫ**

3-бет



**БАНДЫНЫ  
ҚУҒАН  
ХАМИТ**

8-бет

# ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№68 (3599) 12 қыркүйек 2023

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ШЫҒУ ЕЛДЕРІ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ КҮШ БІРІКТІРМЕК



Жақында Шанхай қаласында (ҚХР) Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҒ) мүше мемлекеттердің әділет министрлігінің оныншы кеңесі өтті. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің әділет министрлерінің кеңесінде ШЫҒ төрағалығын қабылдады.

(Соңы 3-бетте)

Ерболат САТЫБАЛДИН, Парламент Мәжілісінің депутаты:

### «ТАЛАҢТТЫ ЕМЕС, ТАҢЫСТЫ БАҒАЛАҒАНДАР БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ БАТПАҚҚА БАТЫРДЫ»

– Ерболат Жалғасбайұлы, Мемлекет басшысы еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыздың өзімізді қамтамасыз ете алуы қажет екенін айтты. Нақты жасалуы тиіс он бес жобаны көрсетті. Сіздіңше олар қай бағытта болуы мүмкін, бұл тізімге өзіңіз не қосар едіңіз?

– Иә, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VIII шақырылған Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында жасаған жолдауында ел дамуының негізгі бағыттарына кеңінен тоқталып өтті. Онда негізінен ел экономикасындағы ауыл шаруашылығы, кен өндірісі, салық, технологиялық жаңғыру сияқты маңызды салаларға қатысты жаңа міндеттерді айқындап берді. Меніңше, ауыл шаруашылығына айырықша басымдық берілуі керек. Мұнда өнімдерді тереңдетіп өңдеу ісі жолға қойылуы тиіс. Бұл бүгінде тұтас әлем үшін өзекті болып тұрған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, туризм индустриясы алға шығу керек. Осы мәселелердің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болды. Негізі туризмді дамытуға елімізде үлкен мүмкіндік бар. Мәселен, өзім сайланған Ұлытау облысындағы Жошы хан, Алаша хан мазарларын, Қазақстанның қара мысы алғаш өндірілген жер – Қарсақпайды аспан асты мұражайына айналдыруға болады.

Одан соң көңіл аударатын сала – білім мен инновация. Өйткені, ғылым-біліммен қатар дамымай экономика алысқа бара алмайды. Жаңа индустрия, өнеркәсіптік технологияға озық біліммен қаруланған мамандар қажет. Сол секілді халық тұтынатын дайын өнімдер өндірісі әрдайым өзекті болып келеді. Бұл мәселені шешпей біз импортқа тәуелділіктен құтыла алмайтынымыз айдан анық. Сонымен қатар, халықты жұмыспен қамту мәселесін де шеше алмаймыз. Көліктік логистика да басымдық беретін маңызды сала. Қазақстан Орталық Азиядағы логистикалық хаба бола алады. Осы мүмкіндікті кеңінен пайдалануымыз керек. Мұнда да біраз жұмыс орындары ашылады. Цифрлық даму, банк және қаржылық институттардың да жұмысын жолға қою еліміздің нарығына, халықтың әлеуметтік ахуалына оң серпін береді. Шыны керек, бүгінде бұл салалардың әлеуеті толық ашылмай тұр. Егер Мемлекет басшысы айтқандай, олардың тиісті құқықтық базаны жасап, инфрақұрылымын құрып, мамандар шоғырын қалыптастыра алсақ, экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да елімізде өрлеу болатыны сөзсіз.

(Соңы 5-бетте)

АРДАГЕР

## ӨМІРІ - ӨНЕГЕ

Қазақта «Туа біткен әдептілік, өмірде әдемілікке ұласады» деген қанатты сөз бар. Осы сөздің мазмұны Ұлы Отан соғысы мен сот жүйесінің ардагері Айтжан Бекназаровқа арнап айтылғандай. Отан ардагердің сан сынақтан сүрінбей өтіп, талай қиындықтың таразысында шыңдалған өмірлік жолы куә.

Айтжан Тассейтұлы 1922 жылы 28 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Шүтөбе ауылында дүниеге келген. Көксерек орта мектебінің 9 сыныбын бітірген соң Шымкенттегі 1 жылдық мұғалімдер курсына аяқтап, Төле би ауданы 1 Май орта мектебінде тарих-география пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды.

Соғыс өрті тұтанғанда 19 жасқа толған жас жігіт өзі сұранып майдан даласына аттанады. Содан ақ қар, көк мұз жастанып жүріп, барлық қиындықты басынан өткеріп, 1945 жылдың желтоқсан айында елге оралған.

1947 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласындағы 2 жылдық Заң мектебіне түсіп, оқуды мерзімінен бұрын аяқтаған әріптесіміз алғашында Шымкенттегі адвокаттық қызметке кіріседі. 1951 жылдың қаңтар айында Шым-

кент облысы Ильич /қазіргі Мақтаарал/ аудандық сотына судья болып сайланған. Бұдан кейін Жетісай ауданының аға халық судьясы, Мақтаарал аудандық сотының халық судьясы қызметін атқарған білікті жан Мақтаарал аудандық сотының төрағасы болып жүргенде зейнетке шықты.

Айтжан ағамыз II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Белградты азат еткені үшін», «Будапешті алғаны үшін», «Маршал Г.Жуков», «Батыр Шапағаты», «Астанаға 10 жыл», «Сот жүйесінің ардагері» медальдарымен, сондай-ақ, «Құрметті судья» атағы, «Үш би» құрмет белгісімен марапатталған. Одан бөлек Мақтаарал ауданының «Құрметті азаматы».

Ыбырай Алтынсарин бір сөзінде: «Жақсы



мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» – деген екен. Сол айтқан-

дай, адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, туысын, досын, отбасын сүюге үйретері анық. Міне, соның бәрі ғасырға жуық өмір сүріп, шапағатын шашқан Айтжан ағамыз бойына жиналған.

Сөзімің айғағы ретінде Айтжан Тассейтұлының «Сұрапыл жылдар» атты 2007 жылы баспадан шыққан кітабын айтуға болады. Осы кітапта заң саласында 35 жыл тапжылмай еңбек еткен Оңтүстік Қазақстан өлкелік, кейіннен облыстық соттың төрағасы, 13 кітаптың авторы болған Нығмет Төлөндіұлының өмір жолынан естелік айтып, оның әділеттіліктің адамы болғанын, сол кездегі партияның қаһарынан да тайсалмағанын көрсетіп, мысал келтірген.

Шардара құрылысы басшысының баласы маскүнемдікке салынып, оған қоса, әке дәулетіне мас болып, Келес даласындағы бір тауық фермасына ұрлыққа түсіп, ұрлаған тауығын ферма қарауылына қуырып бер деп, оны ұрып-соғып қорлаған. Мұндай қорлыққа шыдамаған қарауыл, өзі Ұлы Отан соғысының ардагері әлгіні атып өлтіреді. Осы қылмысы үшін жауапқа тартылған қарауылды Нығмет Төлөндіұлы ақтап жібереді.

(Соңы 5-бетте)

ТҮЙТКІЛ

НЕКЕГЕ ТҰРУ НЕГЕ АЗАЙЫП КЕТТІ?

Қазақстан 10 қыркүйекте оныншы рет Отбасы күнін атап өтті. Ол ел Президентінің 2013 жылдың 1 наурыздағы №511 Жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісіне бекітілген еді. Мерекенің басты мақсаты – қоғамда отбасылық құндылықтарды, имандылық пен руханиятты нығайту.

Жалпы отбасының өзекті мәселелеріне қоғам назарын аудару мақсатында БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы 15 мамырды Халықаралық Отбасы күні деп бекіткен еді. Өкінішке қарай, Ұлттық ста-

тистика бюросының есебіне қарағанда, елімізде 2012 жылмен салыстырғанда 2022 жылы тіркелген неке саны 164 мыңнан 128 мыңға дейін азайғаны белгілі болып отыр. Егер 2012 жылы мың адамға

9,81 жұптан келсе, 2022 жылы ол 6,54 жұптан болды. Өңірлер бөлінісінде қара-сақ, тұрғындар арасындағы некелесудің ең жоғары коэффициенті Астанада тіркелді. Елордада мың адамға 8 жұп-



тан келеді. Ал ең төменгі коэффициент Ақмола мен Абай облыстарында – 6,1.

Статистикаға көз жүгіртсе болсақ, соңғы 20 жылда некеге тұрушылардың ең жоғары көрсеткіші 2012–2013 жылдары байқалған еді. Мәселен, 2002 жылы некелесу коэффициенті 6,6 болды. Мамандар-

дың айтуынша, неке санының төмендеу факторларының бірі – некеге тұрған халықтың жас құрылымының ерекшелігімен байланысты. Егер 2010 жылдары туу көрсеткіші жоғары болған 1985–1990 жылғы ұрпақ некеге тұрса, 2020 жылдан кейін туу көрсеткіші төмен болған 1995–2000 жыл-

дары туылған ұрпақ отбасын құра бастаған. Ерлер үшін некеге тұрудың орташа жасы (алғашқы неке) 28 жас, әйелдер үшін – 25,2 жас.

Алғашқы жартыжылдық соңында республика халқының саны – 19 899 377 адам болды. Оның 12,3 млн-ы немесе 61,9 % қалада, 7,5 млн-ы немесе 38,1 % ауылда тұрады. Жынысы бойынша ел тұрғындарының 9,7 млн-ы ер (48,8 %), 10,1 млн-ы (51,2 %) әйел. Қала халқының ең көп үлесі Қарағанды (81,4%), Ұлытау (79,2%) және Ақтөбе (74,7%), ал ең аз үлесі – Алматы (16,2%), Түркістан (24,6%) және Жамбыл (43,3%) облыстарында байқалды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

«ПАРАСАТТЫ ОТБАСЫ» БЕЙНЕРОЛИКТЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті және Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы бірігіп, әлеуметтік желілерде «Парасатты отбасы» тақырыбында бейнероликтер байқауын өткізеді. Байқау онлайн ұйымдастырылады.

2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына сәйкес, ел дамуындағы маңызды мақсаттардың бірі отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасылық қатынастарды қалыптастыру және нығайту, қазіргі жағдайдағы парасатты тұлғаны дамыту болып табылады. Осыған байланысты өңірдің шығармашылық отбасылары конкурсқа қатысуға шақырылады. Ұсынылатын роликтер келесі критерийлерге сәйкес келуі қажет:

- ұзақтығы 4-5 минут;
- байқау тақырыбы бойынша роликтің мазмұны;
- роликтің негізгі идеясының шығармашылығы;
- роликтің негізгі идеясын ашу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі.

Бейнелер Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде #sqorparasattyotbasу хэштегімен орналастырылуы тиіс. Конкурстық жұмыстар 2023 жылғы 28 қыркүйекке дейін қабылданады (uvmp-sko@mail.ru).

Анықтама телефоны: 8 (7152) 70-13-83, 8-701-888-76-52.

ОҢ ҚАДАМ

ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ – ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰҚЫҒЫН МІНСІЗ ҚОРҒАУҒА ЖОЛ АШАДЫ



Ақмола облысында жаңартылған ювеналды сот азаматтарға есігін ашты.

Енді істердің келесі санаттары аталған сотта қаралатын болады: кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу туралы; мүлкікті бөлу туралы (кәмелетке толмаған балалар болған жағдайда); жақын туыстарының олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы; басқа адамдардан заңға негізсіз тұрып жатқан баланы алып қою туралы; ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою туралы; бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы; алимент мөлшерін өзгерту туралы, алимент төлеуден босату туралы, кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға өндіріп алынатын алимент бойынша берешекті төлеуден босату туралы; кәмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау туралы; Қазақстанға заңсыз ауыстырылған немесе Қазақстанда ұсталатын баланы қайтару туралы немесе осындай балаға қатысты халық-

аралық шарт негізінде қолжеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы. Жаңартылған соттың ашылу іс-шарасына облыстық соттың төрағасы Арман Жүкенов, судьялар, Сот әкімшілігі департаментінің басшылығы, адам және бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсем Асаинова, Динара Тәженова, прокуратура және полиция департаментінің өкілдері қатысты. Арман Жүкенов жаңа соттардың істер бойынша материалдарды мұқият зерттеуге және кәмелетке толмағандарға жеке дара көзқараспен қарауға ықпал ететінін атап өтті. Шақырылған қонақтар да құттықтау сөз сөйледі. Олар қазіргі әлемдегі ювеналды әділеттіліктің маңыздылығын атап өтті. Іс-шара соңында ювеналды әділеттіліктің қалыптасуы мен дамуына қосқан елеулі үлесі үшін әртүрлі орган өкілдеріне алғыс хаттар табыс етілді. Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

САРАП

Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы және құқықты ел ретінде айқындайтын басты құжат – Конституция. Ата Заң – барлық құжаттың қайнар көзі, бастауы. Кез келген мемлекеттік орган, мекеме, ұйым өзінің қызметінде Конституцияны басшылыққа ала отырып, қызметін жүзеге асырады.

Біздің елімізде әр адам өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқылы. Қазақстанда сот төрелігін сот қана жүзеге асырады. Қазіргі кезде сот жүйесін нығайту мен жаңғырту бағытында ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Сот төрелігін іске асырудың тиімділігі азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа деген көзқарасына және қоғамның билікке деген сенім деңгейіне байланысты. Мықты әрі тәуелсіз сот билігі мемлекет және азаматтық қоғамның үйлесімді өзара қатынасының түбегейлі кепілінің бірі, азаматтардың конституциялық құқығын қорғаудың басты құралы.

Сот жұмысын халық үшін барынша ашық және жария ету жолында Жоғарғы Сот пен барлық соттарда бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз кәсіби байланыс орнатылды. БАҚ өкілдері, сондай-ақ, жекелеген тұлғалар сот қаулыларымен, соттардың іс тәжірибесімен Жоғарғы Соттың веб-сайты арқылы танысуға мүмкіндік алған. Соңғы жылдары жаңа сервис – «Сот кабинеті» арқылы сотқа электронды түрде талап арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құ-

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНЫҚТЫРУ ЗОР МАҢЫЗДА ИЕ

жаттарды осы тәртіп арқылы қадағалап отыруға болады. Пайдаланушы қалаған уақытында сот құжаттарын қарап, іс бойынша сот актілерін басып шығара алады. Азаматтардан соттарға толассыз түсіп жатқан өтініштер санының артуы халықтың сот жүйесіне деген сенімін, олардың өз мүдделерін қорғау үшін сотқа арқа сүйейтінін көрсетеді.

Тәуелсіз еліміздің өркені өрістеп, одан әрі дамуында заңның үстемдігін орнықтыра түсу зор маңызға ие. Қоғамымызда заңның жаршысы және заң үстемдігін құрушы бірден-бір тұлға судьялар қауымы екені белгілі. Соған орай, судья лауазымына үміткерлерді іріктеуге басты назар аударылуда. «Көш жүре түзеледі» демекші, сот жүйесіндегі лайықсыз кадрлардан арылу механизмі де іске асырылып отыр.

Жалпы сот жүйесінде жүргізілген реформалардың тиімділігін шолушы да, баға беріп, таразыға салушы да – халық. Сондықтан, әділ билікті жүргізуші әрбір судья соттың абыройы әсем ғиамараты, әдемі көлігі емес, әділдігі мен тазалығында екенін ескеріп, әділдікті іздеген әрбір іске судья ізгілікпен қарап, әділ билік айтудың ең биік өлшемін қалыптастыруға тиіс екенін әрдайым жадында ұстауы қажет.

Қазіргі кезде әділеттілікті орнататын, дауларды шешетін бірден-бір орган ретінде сот жүйесінің тиімділігін арттыру мен мүмкіндігін кеңейтуге байланысты реформалар жалғасын табууда. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік құқықтық қатынастарда

мемлекет пен азаматтар (ұйымдар) арасында туындайтын дауларды шешу бойынша арнайы сот өндірісінің жаңаша жүйесін бекітті. Бұл әкімшілік юстиция институтының негіздерін қалыптастырды. Аталмыш заң мен жаңашылдықтың енгізілуі мемлекеттік органдардың сапалы әкімшілік шешімдер мен актілерді қабылдауын қамтамасыз етеді және соттық бақылауды орнату; азаматтарға (ұйымдарға) билік органдарының үстемдік етуі мен заңсыз әрекетінің жолын кесу; жаңа сот өндірісінде делелдемелерді жинау барысында соттардың белсенділігін арттырып, процестегі тараптар теңдігін қамтамасыз ету; кейбір дауларға қатысты міндетті сотқа дейінгі шағымдану институтын анықтау; арыз-шағымдарға қатысты жеделдетіп қарау тәртібін енгізу сияқты негізгі және прогрессивті тетіктердің болуымен ерекшелене бермек. Бұл қаралған құқықтық мәселелер, жаңадан құрылған әкімшілік юстицияның алдағы уақыттағы даму болашағын көрсетіп, мемлекеттік органдар алдында азаматтар мен бизнестің, ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың аясын кеңейтпек. Әрі мұндай кешенді шаралар Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті Қазақстан» концепциясының толыққанды жүзеге асуының заманауи құқықтық тетіктерінің бірі болмақ.

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ, Ұлытау облыстық сотының судьясы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ПАЙЫМ

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституцияның жобасы қабылданды. Бұл мемлекеттілігіміздің дамуындағы жаңа бетбұрыс.Тарихта және әлемдік тәжірибеде мұндай оқиғалар өздерінің қоғамдық-саяси және тарихи маңыздылығына байланысты ауқымды мерекеге айналып отырады. Дәл осындай оқиғаларды тану негізінде мемлекеттің халқы қалыптасты, оның азаматтығы бекітілді, тәуелсіз мемлекеттің атрибуттары пайда болды.

Бұл тарихи оқиға барша қазақстандық үшін жалпыұлттық мемлекеттік мереке болып табылады. Және ол «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңымен мемлекеттік мереке ретінде ресми бекітілді. Осылайша, «Конституция күні» мемлекеттік деңгейдегі мерекені білдіреді.

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, жоғары заңнамалық күші бар ерекше нормативтік құқықтық акт. Ол мемлекеттің саяси, құқықтық және экономикалық жүйелерінің негіздерін айқындайды. Ата Заңда мемлекеттің ең басты құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары атап өтілген. Республиканың қызметі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістер-

мен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу секілді негізгі қағидаларға негізделген. Біз бұл актімен іс жүзінде мемлекетіміз – Қазақстан әлем картасында негізі қаланғанын мақтанышпен айта аламыз.

Өзара келісім мен бейбітшілікке деген ұмтылыс әрбір қазақстандықта бар қасиет. Елімізде бүгінде 120-дан астам тең құқылы ұлт өкілдері келісімде, халықтар арасында қалыптасқан достық қарым-қатынаста өмір сүруде. Әрбір қазақстандықтың өмірі – біздің республикамыздың тарихының бөлшегі, бұл жалпыұлттық келісімнің дәлелі.

Республикадағы бейбітшілік пен келісім – жоғары мәдениет пен даналықтың, мемлекеттің салмақты және көреген ұлттық саясатының нәтижесі. Қазақстандықтар үшін Конституция күні ел таңдауының тарихи



Еділ ҚҰДАЙБЕРГЕН, Хромтау аудандық сотының судьясы

дұрыстығын, қазақстандық мемлекеттіліктің тарихи сабақтастығын түсінуді, барлық қазақстандықтардың мемлекеттік тетіктерді жетілдіруге қатысуының маңыздылығын тағы да растау болып табылады.

Қазақстанның әрбір азаматы елдің негізгі заңының рухы мен мәнін, қалыптасу тарихын жақсы білуі тиіс. Конституцияның құрметтеу және сақтау, оның тарихы мен маңыздылығын түсіну арқылы ғана біз өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Конституция – қоғамымыздың тұрақтылығының кепілі. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



# СОТ АКТИЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУ РЕТІ БАР

«ҚР атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді және осы заңнан басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады.



Атқарушылық іс жүргізу аясында сот орындаушысы заңға сүйене отырып атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағыттайды. Олар өздеріне белгіленген шараларды заңмен жүктелген функциялар негізінде орындайды. Осы заңда көзделген алып қою тәсілдерін тең құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушы және жеке сот орындаушысы атқарады.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша нұсқамалар мен қаулылардың, мүліктік өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар-

ды міндетті және уақытылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттеріне кіреді. Өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізу тараптары, өз пайдасына немесе мүдделеріне атқарушылық құжат берілген жеке немесе заңды тұлға өндіріп алушы болып табылады. Атқарушылық құжатта көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға борышкер болып есептеледі.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар атқарушылық әрекеттер және мәжбүрлеп орындату шаралары туралы хабархатпен құлақтандырылады.

Сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады. Сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

**Салтанат СЕЙСЕНБАЕВА,**  
**Түркістан облысы**  
**Әділет департаментінің**  
**«Түркістан облыстық**  
**сот актілерін орындау**  
**жөніндегі аумақтық**  
**бөлімі» филиалының**  
**сот орындаушысы**

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

# ЕҢБЕК ШАРТЫН САҚТАУ КЕРЕК

Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

Еңбек шартында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы үшін төленетіндей төлемақымен ұзақтығы азырақ жұмыс уақыты көзделуі мүмкін.



**Е. НАРБОТАЕВ,**  
Алматы қаласы  
Еңбек инспекциясы  
басқармасының  
мемлекеттік еңбек  
инспекторы

Негізгі жұмыс орны бойынша және қоса атқаратын жұмысы бойынша күнделікті жұмыстың жиынтық ұзақтығы осы кодекстің 71-бабының 4-тармағында белгіленген күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан 4 сағаттан артық аспауға тиіс.

Медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтімді жүзеге асыратын жұмыскерлерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуіне (бала асырап алушыға), он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбалалы аналарға, көрсетілген санаттағы балаларды анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдарға, оқудан бос уақытта денсаулығына зиян келтірмейтін

және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін білім алушыларға, Әлеуметтік кодексте белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуге кемінде екі жыл қалған не көрсетілген зейнеткерлік жасқа жеткен жұмыскерлерге тараптардың келісуі бойынша бірлесіп жұмысқа орналастыруды қолдануға жол беріледі.

Толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскер үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығына, еңбек өтілін есептеуге және осы кодексте, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде белгіленген еңбек саласындағы басқа да құқықтарға шек қоюға алып келмейді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 шілдесінде еңбек заңнамасына жылжымалы жұмыс кестесі туралы бап енгізілген болатын.

Жұмыстың ерекшелігін ескере отырып, жұмыс беруші еңбек тәртіптемесінің қағидаларында жұмыскерлерге жұмыс уақытының ұзақтығы есебін қолдана отырып, жұмыс кестесінің күн сайынғы ұзақтығының 11 сағаттан аспайтын шектеулерін сақтай отырып, жұмыс кестесінің ұзақтығы әртүрлі аптаның әртүрлі күндеріндегі жұмыстың жылжымалы кестесін белгілеуге құқылы.

Оның шегінде жұмыскерлердің осы санаты үшін белгіленген, бірақ тоқсаннан аспайтын жұмыс уақытының орташа ұзақтығының күнделікті және апта сайынғы нормасы сақталуға тиіс кезең жылжымалы жұмыс кес-

тесі кезіндегі есептік кезең деп танылады. Жылжымалы жұмыс кестесі бар режимде жұмыс істеген кезде жұмыс күнінің (ауысымның) басталуы, аяқталуы немесе жалпы ұзақтығы еңбек тәртіптемесінің қағидаларында, еңбек шартында не ауысымдық кестесінде айқындалады.

Икемді жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс туралы айтар болсақ жұмыскерлер, оның ішінде қашықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін олардың әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін өндіріс мүдделерімен үйлестіру мақсатында икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкін.

Икемді жұмыс уақыты режимі кезінде: 1) белгіленген жұмыс уақыты; 2) жұмыскер сол уақыт ішінде еңбек міндеттерін өз қалауы бойынша атқаруға құқылы икемді (ауыспалы) жұмыс уақыты; 3) есептік кезең белгіленеді.

Оның шегінде жұмыскерлердің осы санаты үшін орташа белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығы сақталуға тиіс кезең икемді жұмыс уақыты кезіндегі есептік кезең деп танылады.

Икемді жұмыс уақыты кезіндегі есептік кезең алты айдан аспайды. Икемді жұмыс уақыты режиміндегі күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) және апта сайынғы жұмыс уақытының ұзақтығы күнделікті және апта сайынғы жұмыс уақыты ұзақтығының нормасынан көп немесе аз болуы мүмкін.

Белгіленген жұмыс уақытының, икемді (ауыспалы) жұмыс уақытының ұзақтығы, икемді жұмыс уақыты режиміндегі есептік кезең жұмыс берушінің актісінде, еңбек немесе ұжымдық шарттарда белгіленеді.

Тілімізді тірілтеміз деп тер төккелі аз уақыт өткен жоқ. 90-жылдары қалада, ауылдарда «Қазақ тілі қоғамы» деген ұйымдар жұмыстар жүргізіп жатты. Олар да аз тер төкпеді. Одақ дәуірінде тіл мәселесі қиын жағдайда болғанын білеміз. Өзге тіл ана тіліндей болмайтынын біле тұра сол кездің саясатына қарай орыс тіліне тәуелді болдық. Он бес одақтас республика халқы бір тілді меңгеріп сол тілдің сойылын соғуға мәжбүр едік. Ал, «Қазақ тілі» қоғамы – қазақ тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын оқып-үйренуге, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын сақтап, оны одан әрі дамытуға ықыласты қазақ және басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым.

# БУЫНСЫЗ ТІЛ - БУУЛЫ СӨЗ

Бұл ұйымда «Қазақ тілі» қоғамының жарғысы мен бағдарламасы қабылданған, міндеттері айқындалған. «Қазақ тілі» қоғамында өз жұмысын ҚР Ата Заңы, «Тіл туралы» заңы, өзінің жарғысы және халықаралық құқықтық, адамгершілік нормалары бар. Қоғамның мақсаты – қазақ тілінің республикада және одан тыс жерлерде кеңінен қолданылуына байланысты мемлекеттік, қоғамдық әртүрлі ұйымдар мен ұлттық мәдени орталықтарға, жеке азаматтарға көмек көрсету.

Ең бірінші бақытым – халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін. Ол бар болса, мен бармын,

қор болмаймын

Қымбатырақ алтыннан нарқым менің. Ал екінші бақытым – тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім. Кей-кейде дүниеден түнілсем де, Қасиетті тілімнен түңілмедім, – деп Мұқағали ақынымыз жырлағандай, қай кез болмасын өз ана тілімізді қадір тұтып, оны бағалай білгендей болып жүргеніміз рас. Шындығында солай ма?..

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі тіл туралы заңдарына назар аударар болсақ, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдары Конституцияға негізделеді, осы заңнан, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты Қазақстанның өзге де нормативтік құқықтық актілері бар екенін білеміз. Тіл туралы заңдар Қазақстан азаматтарына, Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктерге

және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады. Бұл, біздің көп ұлтты мемлекет екеніміздің айқын көрінісі. Мұны біз «Тіл туралы» заңымыздың келесі тармақтарынан нақты көре аламыз.

Қазақстан азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Әр адам өз ана тілін құрметтей білуі керек. Оны бағалай білсе ғана ана тіліміз өз тұғырына қонғаны. Сол кезде ғана еліміздің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерімізді құрметтегеніміз болады. Ана тілі – біздің мәдениетіміздің өте маңызды бөлігі. Кей адамдар қазақ тілін бұрмалау мен сөздерін өзгерту арқылы тілімізге орасан зор зиян тигізіп отырғандарын өздері сезбейді. Әсіресе, бұл әрекеттерді жасөспірімдерден көп байқаймыз. Осылай ата-ана мен балалардың қарым-қатынасы төменгі сатыға түсіп, бірін-бірі түсінбейтін халге жеткендерін өздері де байқайды. «Бала тілі бал» дей отырып, былдыр сөзден былшыл сөз шықпауын қадағалайық құрметті ата-аналар қауымы. Тіл жойылса – ұлт жойылатынын ескеріп жүргеніміз абзал қадірменді ағайын.

**Нүргүл ЖАЛАЕВА,**  
**Түркістан облысы кемелетке**  
**толмағандардың істері жөніндегі**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**соты сот кеңесінің маманы**



# ОРТАҚ ТАЛАП

Еліміз Тәуелсіздік алған кезден бастап-ақ болашақта атқарар межелерін белгілеп, мақсаттары мен міндеттерін айқындады. Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі сонымен қатар ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің ақ таңындағы алғашқы қол жеткізген жетістігіміз.

Заң – баршаға ортақ негізгі талап. Қазіргі таңдағы біздің міндетіміз мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды «Тіл туралы» заңмен реттеуге ықпал ету, түсіндіру, қоғамдық қарама-қайшылықтарды болдырмау. Осы мақсатта іс-қағаздарын жүргізу, сот ісін жүргізу, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың арыз-шағымын, ұсынысын, сын-ескертпелерін қарауда заң талаптарының бұрмалануына жол бермеу үшін үнемі мемлекеттік мекемелерде, жергілікті атқарушы органдарында, халыққа қызмет көрсету орталығында семинар кеңестер, дөңгелек үстелдер, жиындар өткізіміз, ұйымдастыруымыз әрбір азаматқа тәжірибелік

жағынан рухани баюына себепкер болатыны сөзсіз.

Мемлекет ел азаматтарының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға еш шектеу қоймайды. Әрбір диаспораның тілінің дамуына ана тілімен бірдей қамқорлық жасайды. Бұл ассамблея төңірегіндегі барлық халықтардың елімізді одан әрі құрметтеп, шексіз сүйюіне жол ашады. Тәуелсіз еліміздің бұл қамқорлығы өзге елдерге үлгі екендігі түсінікті. Тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтық кемсітілуі, тілдерді үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс әрекеттері Қазақстан заңдарына сәйкес түрлі жауаптылыққа әкеп соқтыратыны туралы үнемі біздің тарапымыздан айтылады. Мәселен, лауазымды адамның

мемлекеттік тілді білмеуін сылтау етіп азаматтардың арыз-шағымын қабылдаудан бас тартуы, тілге қатысты кедергі келтіруі, талаптарды бұзу тікелей жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтарылатын жауаптар мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде берілуі тиіс. Бұл тұрғыда мемлекеттік мекемелердің, жергілікті атқарушы органдардың, халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысы үнемі назарда болады. Себебі, әрбір жүгінуші азаматтың тілдік құқығы сақталуы тиіс. Бұл өзара қарым-қатынаста түсініспеушіліктің болмауына арқау болады. Сонымен бірге ғылым, мәдениет, баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарында, деректемелерде, көрнекі ақпараттарда тіл туралы заңның талаптарының сақталуын қадағалау өз жүйеміздегі негізгі парызымыз.

**А.ДАИРОВА,**  
**Алға аудандық соты**  
**әкімшісінің жетекші**  
**маманы**  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Иә, оған сөз бар ма! Отыз жыл ішінде осы мақсатта біршама бағдарлама қабылданды. Соның бірі – Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы. Осы жобаның сіздіңше нәтижесі болды ма? Оның аясында ашылған қандай ірі өндірістер бар?

– Енді 2030 жылы Азия барысына айналамыз деп отырған мемлекетпіз. Дамыған 50 елдің қатарына кіреміз деген мақсатымыз да болды. Өкінішке қарай сол бағдарламалар диттеген мақсатына жеткен жоқ. Бұл енді сол кездегі ниеттің дұрыс болмауынан деп ойлаймын. Мұнда белгілі бір тұлғаның немесе билік басындағы кісілердің баюы көзделді. Жалпы, мемлекетті көтереміз, жаңа деңгейге жеткіземіз деген таза мақсат болмады. Мемлекет басшысы айтқандай, негізгі байлық ат төбеліндей адамның қолына шоғырланды. Десе де, бұл бағдарламалар белгілі жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік бергенін де айтуға тиіспіз. Атап айтар болсақ, осы бағдарламаның арқасында өңдеуші өнеркәсіпті дамытудың оң серпіні қалыптасты. Президент жолдауында айтты кеткендей, былтыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 трлн теңге болды. Елімізге 28 млрд доллар тікелей



Ерболат САТЫБАЛДИН, Парламент Мәжілісінің депутаты:

# «ТАЛАНТТЫ ЕМЕС, ТАНЫСТЫ БАҒАЛАҒАНДАР БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ БАТПАҚҚА БАТЫРДЫ»

шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 млрд долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 млрд долларға жуықтады. Жоғарыда айтылған себеппен жіберілген кемшіліктер де аз емес. «Көш жүре түзеледі» демекші, кеткен кемшіліктер келешек үшін сабақ болары даусыз.

– Бұл жобаның аясында бірқатар өндіріс телекөпірде ашылып, ары қарай жұмысын жалғастыра алмай қалды. Олардың қатарында биоэтонол мен кремний зауыттары бар. Мұның себебі не деп ойлайсыз? Қаржы жеткілікті бөлінбеді ме, мамандар болмады ма, әлде жемқорлық орын алды ма?

– Біздің ойымызша, бұл жерде ең бастысы жемқорлыққа жол берілді. Білікті мамандар да тапшы болды. Бар мамандардың өзінің потенциалын пайдалана алмадық. Іс басындағылар жұмысқа сапалы маманды емес, тек өздері сенген адамдарды ғана тартты. Соның салдарынан, жоспар толыққанды жасалмады, өндірістің тиімділігі дұрыс бағаланбады. Осылайша бірқатар өндіріс орындары ашылған соң көп кешікпей өз жұмысын тоқтатып жатты. Бұл жағдайлар жан-жақты зерделеніп, тиісті қорытынды шығарылу керек. Мүмкіндіктер жан-жақты сараланып, нақты іс-шаралар белгіленуі шарт.

Әсіресе жекеменшік-мемлекеттік әріптестік нысанда да бизнесті дамыту көптеген тоқырап жатқан салаларға жан бітіретіні сөзсіз. Атап өтсек, азық-түлік өндірісі. Қазақстанда әлі күнге азық-түлік өнімдерінің импортына тәуелділік басым болып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ақсап тұр. Мысал ретінде атап өтсем, Ұлытау облысында әлі күнге мал терілері мен жүн өңдейтін кәсіпорын жоқ. Шаруалардың тері мен жүнді ешқандай өткізе алмай, өртеп, көміп жатқан жағдайы бар. Яғни қыруар дүние ысырап болуда. Мұндай жағдай бүкіл Қазақстан бойынша орын алып отыр. Шын мәнінде ұқсаста білсек, мұның бәрі байлық қой.

– Енді алда бұл жағдайдың жойыларына қандай кепілдік бар? Шын мәнінде бүгінде іс басына келіп жатқан басшылардың көбі осы проблемалар орын алған кезде қызмет еткен тұлғалар. Олардың біліктілігі жаңа міндеттерді орындауға жете ме?

– Бұрынғыға қарағанда, қазір көп мәселелерді талқылап, қарауда ашықтық, әділдік бар. Мәселен, Парламентті айтатын болсақ, бүгінде әрбір заң бабы төңірегінде қызу пікірталас, айтыс жүреді. Барынша елге қажет, мәселені шешетін, экономиканы көтеретін, тәртіпті нығайтатын заң тетіктерін қабылдауға күш салып жатырмыз. Меніңше осының бәрі жаңаша әрі тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

уақыт келген сияқты. Алайда Үкімет асығар емес. Неліктен?

– Келісемін, бүгінде заңнамалық тұрғыдан, экономикалық саясат тұрғысынан кейбір кемшін кеткен тұстарын түзейтін, кейбір шарттарды қайта қарайтын немесе талқылайтын да мезгіл туды. Бұл компаниялардың көбісі трансұлттық компаниялар. Сондықтан алдыңғы кезекте құқықтық база басты рөл ойнайтынын да ұмытпағанымыз абзал. Келісімшарттар жасалған соң, оны өзгертудің немесе тоқтатудың өзіндік тәртіптері мен жолдары бар. Оны айналып өте алмайсыз. Себебі, одан туындайтын жауапкершілік мәселесі де жоғары тұруы керек. Бұл бір күнде, бір адамның шешімімен жүзеге асатын шаруа емес. Мұнда әр тараптың мүддесі, міндеттемесі бар. Олардың орындалуына әр тарап та жауапты. Десе де, бүгінде келісімшарттарды қайта қарау қолға алынды. Бұл шараның оң нәтижесі болатынына сеніміміз зор.

– Мемлекет басшысы жаңа өнеркәсіп саясаты жайлы айтты. Онда қандай мәселелер басым сипатқа ие болуы керек деп ойлайсыз?

– Иә, жаңа өндірістік саясат бүгінде барлық елдер көшкен тенденция. Бұл туралы Президентіміз Қ.Тоқаев өз жолдауында айтып кетті. Яғни,

– Бұл компания өрескел заң бұзушылықтар жасады. Оны біріншіден жауапкершілікке шақыру керек. Ол мүмкін емес жағдайда өндірісті қайтарып алу бағытында жұмыс жүру керек.

– Мемлекет басшысы жаңа заманның мұнайына айналған сирек кездесетін металл кеніштерін игеруді басты бағытқа айналдыруды тапсырды. Бұл тапсырманы қалай жүзеге асырамыз? Инфрақұрылым лайықты ма, кадрлар жеткілікті ме?

– Менің ойымша, инфрақұрылым, кадр мәселесі бүгінгі күнде бар, бірақ шешімін табуға болатын сала. Сондықтан Президентіміздің бастамасын қолдауға болады. Елімізде сирек металл өндірісін жандандыру заман талабы. Әсіресе, әлемдік нарықта бұл ресурстарға деген сұраныстың артуы, олардың бағасының шарықтап кетуі аталған саланы дамытуға өз серпінін берері анық. «Темірді қызған кезде соқ» дегендей, бұл істің өз уақыты таяды деп есептеймін.

– Кен орындарының экологиялық қауіпсіздігі мәселесі қаншалықты шешімін тауып жатыр? Мәселен, Жезқазған мыс зауытында бұл талап қаншалықты орындалуда?

өндірісті дамыту, оны жан-жақты қолдау мен ынталандыру үздіксіз жүріп отыруы керек. Ішкі нарықты қолдау, отандық өнімдерді тұтыну, қазақстандық үлес мұның бәрі бүгінгі ел экономикасын көтеру үшін ауадай қажет дүние.

– Жаңа өнеркәсіптік саясатта өндірістерімізге өзіміз иелік ету, қазақстандық магнаттарды қалыптастыру мәселесі орын алу керек деген пікірге қалай қарайсыз?

– Кез келген дамуға бет алған мемлекет ұлттық буржуазияға иек артады ғой. Тарихта да бар. Қазір үлкен компанияларды ұлттық компанияға айналдыру керек деп айтылып жатыр. Бұл енді инемен құдық қазғандай жұмыс. Мемлекет бұл жұмысты бастады. Сондықтан ұлттық буржуазияның өсіп шығатын да, халықтың олар басқарған компаниялар игілігін көретін күндер де алыс емес шығар.

– Кен орындарындағы еңбек жағдайы өзіңізге белгілі. Жұмырда ғана Қарағандыдағы кәмір шахталарында болған апатта тағы да адам шығыны орын алды. Сарапшылардың айтуынша, онда еңбек қауіпсіздігінің қарапайым нормалары сақталмайды екен. Әріптестеріңіз осы мәселеге үн қосып, Митталмен келісімшартты біз уақыт жайлы мәселе көтерді. Оған қандай жауап болды? Мәселе тиімді шешімін таба ма?

– Жезқазған мыс зауытының экологияға келтіріп жатқан зияны бар. Өндірістен ауаға және суға лас заттар тасталауда. Сол үшін экологиялық айыппұлдар телеуде. 2025 жылға дейін күкірт қышқылын сүзетін сүзгіні орнатып, іске қосу жайлы келісім бар. Бұл жөнінде БАҚ-та да ақпараттар таратылған. Қазіргі таңда компания қоршаған ортаға зиянды заттарды тастауды тоқтату бағытында тағы біраз жұмыс жүргізіп жатыр.

– Бізді негізінен асырап тұрған – кен орындары. Біздегі шенеуніктердің бас қатырып жұмыс істемеуінің бір себебі осы секілді. Ауыз толтырарлық отандық өнімнің болмауына да осы түрткі болып отыр. Келісесіз бе?

– Өкінішке қарай келісемін, біздің елімізде «Голландиялық ауру» құбылысы орын алған. Яғни, шикізатқа тәуелді экономикада өмір сүріп жатырмыз. Табиғи ресурстарды сатудан түсіп жатқан қаражат Үкіметтің көп мәселеге басын қатырмауына себеп болды. Біз тәуелсіздік алғалы бері 30 жылдан асса да, осы тенденцияның ықпалынан шыға алмай отырмыз. Дегенмен, әлі де кеш емес. Ол үшін елімізге экономикаға диверсификация жасауда батыл қадмдарға бару керек.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

АРДАГЕР

## ӨМІРІ - ӨНЕГЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөйтіп, сол кездегі өлкелік партия комитетінің хатшысы И.Юсуповтың қаһарына ілініп, «қарауыл сотталу керек, біз партияның бюро мәжілісінде осындай ұйғарымға келдік» дегеннен еш нәтиже болмай, әділеттілік жеңіп шыққанын айтқан. Осы жайтты автор сот төрелігін іске асыру кезінде қандай да жағдай болмасын судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынатынын жас ұрпаққа өсиет ретінде жеткізіп отыр.

Ал, Нығмет Төлөндіұлы өзіне «Қазақтың

қос батыры» атты кітабын тапсырғанда «Айтжан! Нендей қиын қианаттарын көріп, жер басып келеміз, Алла Тағала бұрынғыдай жебеп көретін күнімізді ұлғайта берсін, Әмин!» деп жазса, «Война исчезни навсегда» атты кітабын тапсырғанда «Айтжан! Екеуміздің көп жылдық мықты достығымыздың естелігі болсын» деп жазған сөзі достық сезімінің жарқын бейнесін көрсетсе керек.

Сонымен қатар, Айтжан Тассейтұлы «Елтай елінің бір ұлы еді», «Ақиқат және әдеп» атты кітаптарында туысқа, яғни атасы Елтай Ернараровқа деген ізеттілігі, Мақтаарал ауданында 40 жыл тұрып, 35 жыл сот төрағасы қызметін

атқарып, сол елге және де сол елдің азаматтарына деген ризашылығын шын жүреппен білдірген. «Мен ағалардан үлгі алып, тәрбие көргеніме мәңгі ризамын. Әсіресе, ризашылығымды Мақтаарал өңірінің жергілікті халқына арнаған болар едім. Бұл халықтың пейілі кең, жүрегі таза, бауырмал. Аз да болса, істеген жақсылығыңа риза, достығы мол, дұшпандығы жоқ» деген сөздері жергілікті халыққа деген ырзалығын білдірсе керек.

Айтжан Тассейтұлы «Тарихтағы ұлы тұлғалар» атты жинағында халқымыздың біртуар тұлғалары туралы талдау жүргізген. Бұл кітаптың жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол. «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында» деген

екен шығыс ғұламасы әл-Фараби. Айтжан Тассейтұлы да өзінің жан-дүниесіне дарыған тамаша парасаттылығы мен адамгершілік ізгі қасиеттерінің арқасында өз ғұмырында ер жүрек жауынгер, әділ би, ұлағатты ұстаз бола білді.

Айтжан Тассейтұлы сот жүйесінің ақсақалы, данышпан қариясы, ұлағатты ұстазы болып өмірден өтті. Өзінен кейінгі жас буынға өз тәжірибесімен үнемі бөлісіп, ақыл-кеңесін беруден жалықпайтын. Сондықтан ол кісінің өнегелі өмір жолы кейінгілерге үлгі болып қала бермек.

Ермахан РАХМАНБЕРДІ,  
Шымкент қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

Ардан ҒАЛЫМҰЛЫ,  
Паралимпиадашы және голболдан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі:

# «ЗАҒИП ДЕГЕНІ БОЛМАСА, КРЕАТИВТІ ТАҒДЫРЛАСТАРЫМ КӨП»

Соңғы уақытта әлеуметтік желі беттерінде Ардан ҒАЛЫМҰЛЫНЫҢ блогы қоғам назарын өзіне аударды. Кейіпкеріміз күнделікті өмір дағдысында кездескен қиындықтары мен қуанышты сәттерін бізбен бөлісті. Замандастарына өзі секілді тағдырластарына мүсіркей емес, түсіністікпен қараса екен деген тілек айтты. Арданның бүгінгі жай-күйі мен болашақ идеясын бөлістік.



шынында бізде социумның бір бөлшегіміз тек ерекше қажеттілігі бар жандармыз. Тек соны айналадағылар дұрысынан түсінсе екен деген кішігірім мақсат бізде.

**– Сұрағым ыңғайсыз болса кешірім сұраймын. Дегенмен, шынында зағип жан қалай ас пісіреді? Зағип жан қандай жұмысқа орналаса алады? Біздің газет оқырмандарымен бөлісе кетіңіз.**

– Айыбы жоқ, әрине жауап бере кетейін. Зағип жанның ас қамдау процесінде бәрін қолмен тексеруіне тура келеді. Тамақтың дәмі, температурасы, судың деңгейі. Сол үшін жиі күйіп қалам. Бірақ күнделікті дүние болған соң, етім үйреніп кеткен. Көбіне жан-жарым асымды даярлап береді. Жақында осы тақырыпта желіге жүктегем. Мысалы, бірінші пешті қосамыз, үйде электрпеш болған соң көбіне қосар нүктесін таппай жатамын. Әйтеуір өзіне тән қосылу дыбысы бар, сол дыбыс шыққанша сипалақтаймын. Кейін ас табақты пешке қойып, керек ингредиенттерді турап, дайындап ас пісіруді бастаймын. Көз мөлшерінде тұз, бұрышын қосып, дәмін татып отырамын. Солай дайын болғанша пештің айналасын айналдықтауға тура келеді. Осы тақырыпта бейне түсіргеннен кейін үйге оқырмандарымның бірі келіп, арнайы жапсырма алып келген еді. «Келесіде пешті сипап, қосылар жерін іздеп жүрме», – деп. Шынында көмегі тиді.

қорқақ қол батыр дейді. Осылайша ойлағанымды жүзеге асыра бастадым.

**– Қоғамның реакциясы қандай болды, өзіңіз блог бастаған 3 ай ішінде қандай өзгерістер орын алды?**

**– Ардан, блог жүргізу жайлы ой қайдан келді?**

– Негізгі мақсат зағип жандардың өмірі, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, көру мүмкіндігінен айырылған жандарға көмектесу жолдарын көрсету еді. Өйткені, социумда ыңғайсыз сұрақтар, көмектесемін деп қиындық тудыратындар ар-тұра кездесіп жатты. Тіпті, сенен именіп, қорқып жүрген жандарды көргенде өзіңді өте нашар сезінесің. Сонда өз-өзіме, неге қоғамның реакциясы осындай, деген сауал қойдым. Кейін саралай келе бір-ақ түсіндім. Бұның бәрі біз секілді жандармен жұмыс жасау ерекшелігі жайлы ақпараттың аздығынан екен. Демек, осы бағытта жұмыс жасалу керек. Бұрыннан осы тематикада YouTube платформасында өз каналымды ашу ойда болған. Бірақ бұл іске кірісе алмай жүрдім. Жақындарыммен, жора-жолдастарыммен кеңестім, көп ойландым. Бәрі идеямды қолдады. Жолдастарымның бірінде жүріп тұрған блогы бар. Сол жолдасым бірінші Инстаграм, Тикток желілеріне бейне жүкте деп жол көрсетті. Қатты қорықтым. Дегенмен көз

– Әлеуметтік желіде танымалдылыққа ие болдым. Болған құбылысқа өзімде аң-таңмын. Дегенмен, іштей осы лептің келерін сезген едім. Паралашама салу үшін түсірілген бейнеархив, күнделікті мен жасайтын дүниелер тізбегі ғана. Мысалы, зағип адам қалай ас пісіреді? Зағип жан қандай жұмысқа орналаса алады? Зағип қалай кітап оқиды? Көрермендерім осы процестің бәрін өз көздерімен көре келе, мен секілді жандарға қалай көмек қолын созу керектігін түсініп, үйрене бастады. Артық, ыңғайсыз сұрақтар тізбегі азайды. Өз ісіме популяция жасап жүргеннен кейін, танып, алғыс тілек білдіріп жатқан жандар қатары да аз емес. Әсіресе, тағдырлас жандардың ризашылық хаты, осы істі әрі қарай жалғастыруыма күш берді. Бейнежазбалар арқылы оларға деген көзқарас өзгере бастаған. Өйткені,

**– Зағип жандарға басқа қандай кіріс көзін қарастыруға болады?**

– Шетелде зағип IT мамандары бар деп естідім. Жазған кодтары, еңбектері кәдімгі мамандардан еш кем емес. Бізде бұл туралы бүгінде айтылмайды да, дегенмен жақсы бастама болар еді. Ал былайынша зағип жандардан жақсы

заңгер-кеңесші, психолог-кеңесші шығар еді. Бұл мамандықтарды игеруге дайын материалдар да, жұмыс істеуге мүмкіндік те бар. Кезінде психолог-кеңесшіні игерген едім. Жұмыс та жасап көрдім. Тәжірибемнен айтайын, өте ыңғайлы. Қабылдауды тіпті онлайн ұйымдастыруға да болады. Адамдардың жай-күйін жақсы сезетімін. Дегенмен, психологиядан гөрі спорт жақын болғандықтан, бұл істі әзірге тоқтаттым. Мүмкін болашақта қайта оралармын.

**– Голболға қалай келдіңіз?**

– Спортқа мектеп кезінен жақынмын. Алматы қаласы №4 арнайы мектеп интернатта білім алып жүргенде бізде музыка және спорт үйірмелері болды. Домбыра үйрендім, шахмат ойнай бастадым. Тіпті, 3-4 сыныпта шахмат бойынша жарыстарға қатысып жүлделі орындарға да ие болған едім. Кейін жүзу секциясы ашылды, жүзуге үйретті. Бүгінгі күнге дейін жүзу менің өмірлік салтыма кіреді. 18 жасымға дейін облыстық құрама атынан жүзу сайыстарынан қалмадым. Кейін Қазақстанда голбол ашылып, бізді сонда алғашқы көрсетілім матчына қатысуға шақырды. Бардым, ұнады, қалдым.

**– Командамен қандай жарыстарға қатысып үлгердіңіздер?**

– 2017 жылы Ресейде болған Азия чемпионатында бақ сынадық. Алдыңғы жылы Түркияның Анкара қаласында өнер көрсеттік. Биылда Азия кубогына дайындалып жатырмыз. Әрине құрам жас, жеткен жетістіктеріміз аз. Бұл спорт өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолға алынған. Шетел командаларының теориялық және практикалық базасы үлкен. Елімізде бұл жаңа спорт түрі болғандықтан басында тіпті кәсіби жаттықтырушы да болмады. Дегенмен, қазір бәсекелес орта қалыптасып үлгерді. Спортшыларға айлық қарастырылған. Алдағы уақытта жүлделі орындардан үміттіміз.

**– Спорт өміріңізге қалай әсер етті?**

– Тұлға болып қалыптасу жолында спорттың үлесі жоғары. Спорт ол – өмір. Әр адамға спортпен шұғылданауға кеңес берер едім. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға. Өйткені, спорт сені әлеммен байланыстыратын бірден бір құрал. Бағың жанып, еліңнің атын Олимпиадада қорғап, халық батыры болу бақыты бұйырса, бұл тіпті керемет!

**– Ардан, зағип жандар үшін цифрлық қолжетімділік туралы айтып беріңізші. Брайлль дисплей туралы бейнежазбаңызды көрдім, бұл өте керемет. Ол туралы да әңгімелеп берсеңіз.**

– Брайлль дисплей – телефондағы не компьютердегі электронды мәтінді брайлльмен көрсететін құрылғы. Ол Bluetooth арқылы немесе сым арқылы компьютерге немесе телефонға қосылады. Сол арқылы мысалы мен оқырмандардың пікірлерін, онлайн кітаптар мен жаңалықтарды оқи аламын. Бірақ дисплей, өкінішке орай, өте қымбат.

**– Қанша тұрады?**

– Бейнежазбада көрсеткен

құрылғы досыма тиесілі. Бұл Focus компаниясының құрылғысы. Бағасы екі миллион теңгеден басталады. Оған әркімнің қалтасы көтере бермейтіні анық.

Сандық қолжетімділікке келетін болсақ, сайт немесе қолданбада дауыстық ілеспе болуы керек. Десек те, барлық қолданбаларда дауыстық ілеспе бола бермейді. Әрине арнайы зағип жандарға көмекші VoiceOver веб құралы бар. Дегенмен қосымшалардың көбін бұл құрал оқи бермейді. Кейбір қарапайым дүниелер біз үшін қолжетімсіз болып қалады. Сондықтан көру қабілеті бар адамдардан көмек сұрауға мәжбүр боламыз.

**– Қалай ойлайсыз, интернет кеңістігінде зағип жандар өздерін жайлы сезіну үшін не жасалу керек?**

– Арнайы бейімделу қажет емес. Зағип жандарға мүмкіншілік жасалмай жатыр деуге келмейді. Тек ірі компаниялар, әзірлеген қосымшаларын тестілеу кезінде зағип жандармен бірлесіп жұмыс жасаса жақсы болар еді. Олар зағип жанға ненің оңтайлы боларын айтып берер еді.

**– Қазір қоғам «мүгедек»**

**деген сөзден бас тартып, «ерекше қажеттіліктері бар адамдар», «мүмкіндігі шектеулі жандар» деген тіркестерге көшуге ұмтылатын сияқты. Қай тұжырымды дұрысырақ деп ойлайсыз?**

– Мысалы мен зағип жанмын. Және менің жағдайымды осы сөзбен сипаттауға қарсы емеспін. Және өзім де мүгедектігі бар жанға, солай сипаттама беремін. Өйткені, ол – факт. Десек те қоғамда айтылатын «ерекше жандар» деген сипаттама маған ұнамайды. Әсіресе, балалар арасында мүгедектігі бар балаларға «ерекше балалар» деп айту арқылы, сау балаларға дискриминация жасайтын секілдіміз. Өйткені, әр бала ерекше. Бала ойы мұны дұрыс қабылдай алмайды. Бұл менің субъективті ойым. «Ерекше адам» орнына, «ерекше қажеттіліктері бар адам» деген дұрыс қолданылған тіркес сияқты.

**– Инклюзивті қазақ қоғамына не енгізіңіз келеді? Ойыңыздағы идеял қоғам қандай?**

– Инклюзивтілік ішінде тек зағип жандар атынан сөйлейін. Менің арманым – зағип жандар да маман атанса, ірі компаниялар ерекше жағдай жасап, бөлек оқыту концепциясын түзсе екен деймін. Әр адамның бір кіші мақсаты тәуелсіз болу, біздің де сол мақсатқа жетуімізге аз кем ыңғай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Болашақта зағип жандардың қатысумен, бастауымен өтетін медиа бағдарламалар жасағым келеді. Стендап мейлі ән, бір сахна құрғым келді. Өйткені, зағип дегені болмаса креативті идеяға ойы тола тағдырластарым жетерлік. Соларға бір жақсы алаң құра алсақ. Әзірге бір үлкен армандарымның бірі осы.

**– Ағал-әрекетіңіз, мақсат мұратыңызға жеткізер. Таламның!**

Нұрбол ЖЫЛЫС,  
«Заң газеті»

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «ҚазМұнайГаз» ҰК Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевпен бірлесіп жаңа су тұщыту зауытының құрылысын бастады. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Қуаттылығы тәулігіне 50 мың текше метр болатын Тоқмақ (Қаракия ауданы) жерінде теңіз суын тұщыту зауытын салу Жаңаөзен қаласы халқының ауыз суға деген қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңаөзен қаласы Еділ суын Қиғаш өзені арқылы «Астрахань-Маңғышлақ» құбырынан алып, тұтынады. Бұл Атырау және Маңғыстау облыстарындағы бірқатар елді мекендердің халқы үшін судың жалғыз орталықтандырылған көзі. Су тұтыну көлемі халық санының өсуіне және жаңа кәсіпорындардың пайда болуына байланысты жылдан-жылға артауда.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтіп, Маңғыстау облысына сапары барысында Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға сумен жабдықтау мәселесін шешумен айналысуды тапсырды. Өңірде осы міндетті орындау үшін бірнеше

## МАҢҒЫСТАУДА СУ ТҰЩЫТУ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



жоба белсенді іске асырылуда. Олардың ішінде Тоқмақ аймағында су тұщыту қондырғысын салу жобасын атап өткен жөн. «ҚазМұнайГаз» компаниясының еншілес мекемесі – «Өзен-мұнайгаз» әзірлеген бұл жобаны іске асыру «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырынан су

тарта отырып, Жаңаөзен қаласы мен басқа да елді мекендердің тұрғындарын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультипликативті әсер етеді. Сондай-ақ, халыққа жаңа жұмыс

орындарының ашылуына ықпал болады», – деп атап өтті Нұрлан Ноғаев.

Мағзұм Мырзағалиев өңірдің әлеуметтік даму саласында жоба стратегиялық маңызды болып табылатынын айтты. «Компания орналасқан жердегі қызметкерлеріміздің және ондағы тұрғындардың тың әлеуметтік жай-күйін қалыптастыру, біздің жұмысымыздағы маңызды басымдықтардың бірі. Бұл Мемлекет басшысының Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы мәселесін түбегейлі шеше отырып, сапалы әрі қысқа мерзімде орындалуы тиіс деген тікелей тапсырмасы аясында жүзеге асып жатқан жоба», – деді «ҚазМұнайГаз» АҚ басшысы Мағзұм Мырзағалиев.

Су тұщыту зауытының құрылысы өңір үшін жүздеген жаңа жұмыс орнын қалыптастырады. Құрылыс кезеңінде 240-тан астам адам, ал зауыт жұмысын бастаған соң 100-ден астам тұрғын жұмыспен қамтамасыз етіледі. Құрылыс жұмыстарын 2024 жылдың соңына дейін аяқтап, 2025 жылдың көктемінде зауытты жобалық қуатқа шығару жоспарланған.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ



